

МРНТИ 18.41.51

Әлімжан Жансерік¹¹*Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының
Қазақстан, Алматы***ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ХОР РЕПЕРТУАРЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ-
СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:
Ә. ӘБДИНУРОВТЫҢ «АЙНАLINE» ШЫҒАРМАСЫ НЕГІЗІНДЕ****Аннотация**

Мақала Әліби Әбдинұровтың «АйнаLINE» шығармасы мысалында Қазақстандағы заманауи хор репертуарының стильдік ерекшеліктерін қарастыруға арнаған. Танымал хор композициясын республиканың түрлі ән ұжымдары белсенді орындайды. Концерттік хор миниатюрасы түріндегі жас композитор дәстүрлі туындыларды («Қамажай» қазақ халық әні), дамудың полифониялық тәсілдерін және спиричуэлдің элементтерін тиімді синтездейді. Бұл тәсіл ұлттық хор өнерінің жаңа даму кезеңіне тән. Шығармадағы түрлі музыкалық көркемдік құралдардың сапалы және орнықты қолданылуы тыңдармандардың жүзін жадыратып, орындаушылардың шабытын арттыратын қасиетке ие туынды екеніне көзіміз жетті. Хор ұжымының орындаушылық, импровизациялық және ұжымды сезіну талаптарына үлкен сын бола алатын «АйнаLINE» шығармасы композициялық құрылымы жағынан аса күрделі, музыкалық материалы бай туынды.

Түйінді сөздер: хор, хор репертуары, хор миниатюрасы**Алимжан Жансерік¹**¹*Казахская национальная консерватория им. Курмангазы
Алматы, Казахстан***МУЗЫКАЛЬНО-СТИЛИСТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННОГО ХОРОВОГО
РЕПЕРТУАРА В КАЗАХСТАНЕ: ПО МОТИВАМ ПРОИЗВЕДЕНИЯ А. АБДИНУРОВА
«АЙНАLINE»****Аннотация**

Статья посвящена рассмотрению стилевых особенностей современного хорового репертуара в Казахстане на примере произведения Алиби Абдинурова «АйнаLINE». Хоровая композиция, которая пользуется популярностью, активно исполняется разными певческими коллективами республики. Молодой композитор в форме концертной хоровой миниатюры эффектно синтезирует традиционные истоки (казахская народная песня «Қамажай»), полифонические приемы развития и элементы спиричуэл. Такой подход характерен для нового периода развития национального хорового искусства. Мы убедились в том, что качественное и устойчивое использование различных музыкальных художественных средств в произведении способно вызвать восхищение слушателей и вдохновить исполнителей. Произведение «АйнаLINE», которое может стать большой критикой исполнительских, импровизационных и коллективных требований хорового коллектива, является очень сложным по композиционной структуре произведением с богатым музыкальным материалом.

Ключевые слова: хор, хоровой репертуар, хоровая миниатюра.**Alimzhan Zhanserik¹**¹*Kurmangazy Kazakh National Conservatory
Kazakhstan, Almaty***MUSICAL AND STYLISTIC FEATURES OF THE MODERN CHORAL REPERTOIRE IN
KAZAKHSTAN: BASED ON THE WORK OF A. ABDINUROV «AINALINE»****Abstract**

The article is devoted to the consideration of the of the modern choral repertoire's stylistic features on the example of Alibi Abdinurov's work "AinaLINE". The choral composition, which is popular, is actively performed by various singing groups of the Kazakhstan. The young composer in the form of a concert choral miniature effectively synthesizes traditional sources (Kazakh folk song "Kamazhay"),

polyphonic methods of development and elements of the Spiritual music. This approach is characteristic of a new period in the development of national choral art. We have made sure that the high-quality and sustainable use of various musical artistic means in a work can cause the admiration of listeners and inspire performers. The work "AinaLINE", which can become a great criticism of the performance, improvisational and collective requirements of the choir, is a very complex composition with a rich musical material.

Keywords: choir, choral repertoire, choral miniature.

Заманауи Қазақстан хор ұжымдарының репертуары уақыттың сұранысына кеңінен жауап қатып түрлі жанрлар мен стильдерге бет алууда. Замандас композиторлардың шет елдік кіші жанрлардың қазақи нақышқа ылайықтау үрдісі қалыптасты. Мақаламыздың басты нысанына Ә. Әбдінұровтың түрлі формаларды синтездеген «АйнаLINE» хор шығармасы айналмақ.

Ә. Әбдінұровтың көптеген шығармалары өзінің ерекше аспаптық композициясымен, жаңашыл рухымен және заманауи үнімен ерекшеленеді. Композитордың жұмыстары әрдайым шығармашылық шешімдердің өзіндік талаптарын, стильдің өзіндік ерекшелігін және кәсіби шеберлігін көрсетеді. Соңғы бес жылдықта, композитор өзінің жанрлар қатарына американдық көше және шіркеу музыкасының бағыттарын үздік үлгіде қолдануда. Композитордың соңғы туындыларының бірі а'capella хорына арналып жазылған «АйнаLINE» көп стильді вариациялық шығармасы. Композициялық құрал ретінде спиричуэл, госпел формаларының даму принциптерін алған.

Спиричуэл стиліне тән «АйнаLINE» шығармасының бағдарламалық атауы. Оның мазмұны – әдеби мәтіні айналайын сөзіне негізделген. Мағыналық тұрғыда қазақтың ежелету, ерекше ықылас білдіру, қимастықты сезу, жылы лебізді білдіретін «айналайын» сөзі спиричуэл стилінің мазмұндық критерийіне толық сәйкес. «Айналайын» – деп әдетте аналарымыз еркелетіп жатады. Вариациялық шығарманың бірінші бөлімін сопрано-альт нәзік дауыстары бастайды. Алғашқы үш такт расында ана бейнесін ұсынады. F dur гексахордымен басталған авторлық қос тақырып, екі сөйлем көлемінде, имитациялық полифония принциптерімен дамиды. Мажор-минорлық жүйе спиричуэл стиліне тән. Ә. Әбдінұров та бастапқы қос тақырыпты сопрано дауысына айқын F-dur гексахордын айтқызса, альттарға d-moll тональдігіндегі тұрақты сатыларды әндетуді (опевание) ұсынады. Бірақ, мәтін тұрғысында, тұңғыш «айналайын» сөзін сопрано мажорда алып шыққасын, шығарма барысының мінезі және басты тональность көрінгендей. Ерекше нәзік сезім легін жалғастыра тенорлар тақырып тектес әуенді ми дыбысынан өрбітеді.

Бастапқы тақырыптарға еліктеп әр биіктіктерден әуен құралады. Бірінші сөйлем каденциясы «a-c-e» ре минорға тартып тұрсада жаңадан түскен бас дауысының партиясы - төмен бағытталған фа мажор гаммасы және сопрано-альт әуені қайта басты тональностыке түсіреді. Күрделі төрт өлшемді (4/4) хорал біркелкі дамиды алғашқы берілген пульс moderato $\downarrow = 92$. Мінездемесі мен шығарма екпінін автор қатаң көрсетпеген. Орындаушылық топтың ерекшелігіне қарай өзгіруі мүмкін. Даму барысында ортаңғы дауыс топтары A1-A2 және T1-T2 партияларына бөлініп кварта-квинталық тізбекті енгізеді. «АйнаLINE» кіріспе бөлімінің соңғы каденция аумағындағы des дыбысы арқылы гармониялық F dur-ды анықтап тұрса да, «a-c-e» параллельді үндестіліктің натуралды доминантасымен тәмәмдайды.


Вариациялық дамудың басты тақырыбы халық биі танылған «Қамажай» әуеніне негізделген. Бөлімнің екпіні animato assai $\downarrow = 120$. Альт дауысында жеке орындалатын тақырып меццопианода «па-па» буынына «Қамажайдың» әуенін өте жеңіл бастайды. Бұл мысалды полифониялық фугеттаның тақырыбы деп танимыз. Әдетте, тақырыптың жауабы доминанталық үндестілікте болады. Алайда, плагальды жауап та сирек кездеседі. Осындай сиректікті Ә. Әбдінұров шебер қолданады. Альт дауысына жауапты сопранолар қайтарады.

Негізгі тақырып альт дауысындағыда ре минорлық ладта өтеді, алайда енді ре дорийлік ұсынылған. Өзгі партиялардағы дауыс қарсыластығы (противосложение)

композитордың алдыңғы ойын дамытады, хорға бөлінген t9 пен DD9 үйлесімділіктері. Тенорлардағы негізгі тақырыптың соңғы мотиві бас дауысында өтетін соль минордағы «Қамажайға» неаполитандық аккордқа ұқсайтын «as-c-f-g-b» кварталы нонаккордқа yP^4 тоқталады. Бастағы тақырып меццо фортеда соль минорда өрбиді. Оның дауыс қарсыластығы нонаккордқа, кварталық құрылымға негізделген.

«АйнаLINE» шығармасы зерттеу жұмысымызда тұңғыш рет музыкалық теориялық және орындаушылық талдауға түсіп отыр. Автордың пайымдауынша хор туындысының бағдарламалы атын қос тілде жазылуының сыры сазгердің композициялық ойында. «Айна» - айна, «LINE» - түзу, сызық, кезек, қатар мағыналарында аударуға болады. Жұмысымызда музыкалық тақырыптардың айналы (зеркальный) бейнесін анықтауға тырыстық.

Осы орайда жалпы шығарманың формасын анықтау нақты бола алмады. Шартты түрде үш бөлімді көрсетсек болады: бірінші бөлім композитордың авторлық тақырыбы арқылы хор ұжымы дауыстарының экспозициясы имитациялық суб-дауысты полифония арқылы дамидынын айттық. Екінші бөлім қатал емес фугетта, келер бөлімнің вариациялық элементтерін интермедияда қамтыған. Соңында, шығарманың бар белсенділігін орнықтыратын вариациялық форма. Автордың ойынша, айналы бейне түзу - «LINE» - «Айна» ортаңғы фугетта бөлімінде белгіленетін секілді.



Кестеде көрсетілгендей, автордың тұжырымындағы шартты «зеркальность» - айналы сызықтар пайда болғандай. I альт – II сопрано және I тенор – II бас белгіленуі фугеттада дауыс жұптарындағы «Қамажай» тақырыбының пайда болу реті. Негізгі композитордың бастапқы композициялық ойын әлі де жеке сұхбаттаса дәлелдеуге болады деп пайымдаймыз.

Шығарманың бөлімдері мінездік және жанрлық тұрғыда әртүрлі, дәлірек айтқанда контрастты. Сондай қарама қайшылықты бірден енгізбей, композитор орталарында екі тактілік ауысымдар орнатқан. Спиричуэл мен гоплес, одан тараған джаз және блюз вокалдық стиліне тән дыбысты вибрациялап тайып «скольжение» айту «АйнаLINE» шығармасында да қолданылған.

Фугетта – екінші бөлімнен кейін үшінші бөлімге соль минордағы төмен бағытталған бірінші тетракордты глиссандоға «езіп» *accelerando* айту және «d-c-a-as-g-f» дыбыстарымен келер вариациялық бөлімнің бірінші тәсіліне жолдау ретінде қабылдауға болады. Осы бөлімде өзіндік ерекше бір қатар музыкалық фразалар бар. Спиричуэл бағытында полиритмия, глиссандолық дыбыстау, темрепациясыз аккордтар мен дыбыстар, ерекше эмоционалдық күй, респонсорлық – сұрақ-жауаптық құрылым, шабытты ырғақты шапалақ, аяқ дүрсілімен безендіру және бимен әрлеуге болады. Осы тұрғыда вариациялық форманың өзін үш тарауға бөлуге болады.

Алғашқы бөлімі бастапқы фа мажорда түрлі вариациялармен дамиды, ортаңғысы шеткілеріне контрастты – акценттелген ырғақты вариация, үшінші бөлімі түпнұсқа тональдіктен екінші деңгейлі модуляцияны G dur үндестілігіне ауыстырады және авторлық тақырып пен «Қамажайдың» элементтері бар жаңа әуенмен ерекшеленеді.

Вариациялық бөлімнің екінші тақырыбы шығарманың екінші бөлімінде болған фугеттаның басты темасына қайтарады. «В» бөлімі жаңа тақырыптық желі basso ostinato вариациялық үлгіде дамиды. «Қамажай» музыкалық тақырыбы «айналайын» сөзіне орындалады – екі тақырыптың синтезі орын алады. В мен В1 арасында еркін имитациялық

сөйлем бар дедік. Спиричуэл стиліне тән интонациялық биік тондардағы айқалар, алдыңғы өткен вариациялық басты элементтердің имитациясы, «Қамажайдағы» квинтаның әр дауыста кезек қайталануы секілді сипаттар кездеседі. Basso ostinato -ның әуенін халық әні «Жүгіріп шықтым белеске» әуеніне трансформациялайды. Жасырын фригиялық айналымды байқауға болады. Жоғарғы үш дауыс эллипсистік гармониялық аккордты құрайды: $t7 - \text{кішVII}2 \Rightarrow \text{VII}7 - \text{кішVII}2 \Rightarrow \text{VI}7$ соңында ре минордағы төменгі тетраордпен қорытындылайды.

Вариациялық бөлімнің ортаңғы тарауы ырғақтық вариацияға негізделген. 4/4 өлшемінде толық сегіздіктерден құралған 2 такт кіріспесі бар. Композитор көрсеткен ямб немесе хорей, әлді және әлсіз үлестерге акцент беріп шапалақтайды. Екі такт ырғақтық пульсациядан кейін төрт тактқа «айналайын» сөзін төрт рет қайталап өтеді. «Ай- на- лай- ын» төрт буынын алғашқыда бас – тенор – альт - сопрано кезегімен түсіп, үшінші тактіде партиялар кезегін айналдырады сопрано – альт – тенор – бас. Екі мен төртінші тактілерді хор tutti орындайды - «АйнаLINE» - айналдырылған сызықтар бейнеленеді.

С бөлімі – «Қамажай» мен авторлық тақырыптың интонациялық бірлестігі секілді – квинта секірімі қосылған авторлық тақырыпқа сай кантиленалық әуен. «Уан-на ба-на уан-на» ырғақтық буындарға әнделетін жаңа тақырып сопраноларда өтеді. Оның сүйемелі, шығарманың алғашқы бөлімі сияқты, суб-дауысты полифонияға ұқсас гомофонды құрылым. Жалпы С тақырыпты вариацияларды – С - С1 – С2 тарауларға бөлуге болады. Даму принципінде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Десекте, гармониялық өзгерістер бар және спиричуэлға тән: С -ның каденциясы – шапалақтау, С1 каденциясы - аяқпен ырғақ соғу, С2 каденциясы – шабытты «хей» айқайымен тәмәмдалады. С2 вариациясы қысқартылған және DD7 аккордында шағын кулминация болады.

«Уан-на ба-на уан-на бап уа-ба-риба», «Айналайын-хей!» ырғақтық буындарға аяқталатын С вариацияларынан кейін 16 такт хор дауыстарының coda секілді бөлім орын алады. Белгілі әуені немесе даму принциптері жоқ бұл бөлімде композитор Ә. Әбдінұров $J = 180$ пульсациясын, vivace – өте жылдам екпін қойған. Аспаптық музыкада құрылым каденциясында, әдетте, еркін және виртуозды орындаушылықты аңғарамыз. А'capella – спиричуэл стилінде хор музыкалық аспап ретінде қарастырылады. Еркін форма ұжымдық дауыс орындауында ассинхрондықты тудыруы мүмкін. Осы орайда, 16 тактті период барынша tutti дамыған, суб-дауысты полифониялық имитациялар кездеседі және уақытылы сопрано мен тенорда триоль-дуоль ырғақты вариацияға соло дамиды, қалған дауыстар гомофонды-гармониялық фактураға сүйенеді.

Соңында өлшем 12/8 болып өзгеріп джаз вокалдағы свинг секілді глиссандо үзінді гармониялық айналымға төрттік нүктемен пунктирлі ырғағына қажалып, тижелетіндей. 4/4 – тегі бір тактілік бүтін паузадан кейін қыздар дауысын соль мажордың жоғарғы тетраорды, ерлер дауыстарында төменге бағытталған соль минор толымсыз пентаорды мажорлық-минорлық жүйені нақтылайды. «АйнаLINE» шығармасы соңында fff - ға бүкіл хор ұжымымен тамсанып «i-i-i» деп еркелеп аяқталады.

Заманауи Қазақстанның мәдениеті өзін түрлі бағытта сынауда. Композиторлық саланың бүгінгі бағыты монументалды жанрлардың мазмұнды астарын, заманауи мәдени араласу арқылы, түрлі миниатюраларға лайықтау аспектісін қарастырады. Айқын мысал, Ә. Әбдінұровтың хор шығармашылығындағы жаңа бағыт – спиричуэл жанрының «АйнаLINE» а'capella-лық хор миниатюрасынан аңғардық. Жас буын өнерпаздардың, студенттердің жанына жақын жанрдағы «АйнаLINE» шығармасы ұлттық репетуардағы жаңа ілеп іспеттес. Шығармадағы түрлі музыкалық көркемдік құралдардың сапалы және орнықты қолданылуы тыңдармандардың жүзін жадыратып, орындаушылардың шабытын арттыратын қасиетке ие туынды екеніне көзіміз жетті. Хор ұжымының орындаушылық, импровизациялық және ұжымды сезіну талаптарына үлкен сын бола алатын «АйнаLINE» шығармасы композициялық құрылымы жағынан аса күрделі, музыкалық материалы бай туынды. Хор ұжымының кең диапазонын, мәнерлі орындауын, белсенді қимылдауын, білім аралық күрделі ауысу – жанрлық мәнердің күрт өзгеруіне дайын болу шарттарын талап етеді.

Ә. Әбдіұровтың композиторлық дарыны мен музыкалық кәсібилігі өзін жаңа үлгіде ұсына білді. Талдауға ұсынылған «АйнаLINE» шығармасында композитор қалыптасқан классикалық формаларды – вариациялық, қайырмалық, жаңа шет елдік бағыт – спиричуэлға өңдеп ұлттық фольклорға айналған «Қамажай» ән-би әуенін цитаталап, өзіндік жаңа қазақи шабытты туынды қалыптастыра алғанына куә болдық.

Әдебиеттер тізімі

1. ***Галиева С.*** Штрихи к портрету Серикжана Абдинурова // Musicnews.kz : [Электронный ресурс] URL: <https://musicnews.kz/shtrixi-k-portretu-serikzhana-abdinurova/>
2. Спиричуэл [Электронный ресурс] URL: <https://www.belcanto.ru/spirich.html>

References (transliterated)

1. ***Galieva S.*** Štrih k portretu Serikžana Abdinurova // Musicnews.kz : [Digital source] URL: <https://musicnews.kz/shtrixi-k-portretu-serikzhana-abdinurova/>
2. Spirichuel [Digital source] URL: <https://www.belcanto.ru/spirich.html>

Автор туралы мәлімет:

Әлімжан Жансерік Әзілханұлы – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс магистранты.

Сведение об авторе:

Алімжан Жансерік Азілханович – магистрант 2-го курса Казахской Национальной консерватории им.Курмангазы.

Information about the author:

Alimzhan Zhanserik – master's student of the 2nd year of the Kazakh national conservatory Kurmangazy.